



Uluslararası Beşeri Bilimler ve Sanat Dergisi

International Journal of Humanities and Art

<http://www.trkdergisi.com>

Araştırma Makalesi / Research Article

e-ISSN:2757-6388

trk dergisi

2024

5(2):76/86

Geliş Tarihi / Receive : 23.12.2024

Kabul Tarihi / Accepted : 31.12. 2024



Бауыржан Момышұлы Шығармаларын Әдебиетте Оқытудың
Формалары Мен Әдістері

Forms and Methods of Teaching Bauyrjan Momysuly's Works in
Literature

Т.Р.Абдықадырова

Profesör, Pedagoji Bilimleri Doktoru

M.H. Dulati Taraz Bölgesel Üniversitesi, Taraz, Kazakistan

E-posta: tursynai_1959@mail.ru

Orcid ID: 0000-0002-5716-6891

К.Б.Қанат

*Doktora Öğrencisi, M.H. Dulati Taraz Bölgesel Üniversitesi, Taraz,
Kazakistan*

E-posta: korkemzhan.kanat@mail.ru

Orcid ID: 0000-0002-0697-2228

Atıf/Cite as: Korkemzhan, K. БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ: БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ. *Trk Dergisi*, 5(2), 76–86.

İntihal /Plagiarism: Bu makale, en az iki hakem tarafından ve bir intihal programında incelenmiş intihal içermediği teyit edilmiştir. / This article has been reviewed by at least two reviewers and in a plagiarism program and has been confirmed to be free of plagiarism.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Аннотация. Әдебиетті жоғары мектепте оқыту цифрлық дәуір педагогикасында тың сипат алып келе жатқандығы анық. Сондықтан, сандық дәуірде ұлт әдебиетін оқыту әдістемесіне жіті назар аударылып келеді. Біздің зерттеу нысанамызға айналып отырған Бауыржан Момышұлы шығармаларын жоғары мектепте оқытудың формалары мен әдістері тақырыбы да осынысымен өзекті. Зерттеу жұмысында біз Б.Момышұлы шығармаларын жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқыту мәселесіне кеңінен тоқталып, оқытудың заманауи жолдарын ұсындық. Ғылыми мақалада бірқатар әдіскер ғалымдардың еңбектері негізге алынып, салыстыру және библиографиялық зерттеу әдістері қолданылды.

Автор шығармаларында Түркі әлеміне ортақ құндылықтар, жас буынды тәрбиелеу құралдары, тарихи сабақтастық пен зияткерлік әлеует айқын көрініс береді. Сәйкесінше, мақалада оқыту формалары мен әдістері өркениет стандарттарына сай талданып, жаңа әдістемелік шешімдер ұсынылды.

Тірек сөздер: Бауыржан Момышұлы, Түркі әлемі, цифрлық дәуір педагогикасы, әдебиетті оқыту әдістемесі, жоғары мектеп, әдіс – тәсілдер, оқыту формалары, әдістемелік шешім.

Öz

Edebiyatın yükseköğretimde öğretimi, dijital çağın pedagojik yaklaşımıyla birlikte yeni bir boyut kazanmaktadır. Bu nedenle dijital dönemde ulusal edebiyatın öğretim yöntemlerine daha fazla önem verilmektedir. Araştırma konumuz olan Bauirjan Momyshuli'nin eserlerinin yükseköğretimde öğretiminde kullanılan yöntem ve formatlar, bu bağlamda oldukça günceldir. Çalışmamızda, B. Momyshuli'nin eserlerinin yenilenmiş eğitim-öğretim müfredatı temelinde öğretilmesi konusuna kapsamlı bir şekilde değinilmiş ve modern öğretim yöntemleri önerilmiştir.

Bilimsel makalede, bir dizi eğitim bilimci ve yöntem uzmanının çalışmaları temel alınarak karşılaştırma ve bibliyografik inceleme yöntemleri kullanılmıştır. Yazarın eserlerinde, Türk Dünyası'na ortak değerler, genç nesli eğitime araçları, tarihsel süreklilik ve entelektüel potansiyel net bir şekilde ortaya konmaktadır. Bu doğrultuda, makalede öğretim formatları ve yöntemleri medeniyet standartlarına uygun olarak analiz edilmiş ve yeni metodolojik çözümler önerilmiştir.

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Anahtar Kelimeler: Bauirjan Momyshuli, Türk Dünyası, dijital çağ pedagojisi, edebiyat öğretim yöntemi, yükseköğretim, yöntem ve teknikler, öğretim formatları, metodolojik çözümler.

ФОРМЫ И МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ТВОРЧЕСТВОМ БАУЫРЖАНА МОМЫШУЛЫ В ЛИТЕРАТУРЕ

Аннотация. Очевидно, что преподавание литературы в Высшей школе приобретает новый характер в педагогике цифровой эпохи. Поэтому в цифровую эпоху все большее внимание уделяется методике преподавания национальной литературы. Предметом нашего исследования является тема форм и методов обучения в Высшей школе произведений Бауыржана Момышулы. В исследовательской работе мы подробно остановились на проблеме преподавания произведений Б. Момышулы на основе обновленного содержания образования и предложили современные пути обучения. В научной статье были взяты за основу труды ряда ученых-методистов, использованы методы сравнительного и библиографического исследования.

В произведениях автора ярко выражены общие для тюркского мира ценности, средства воспитания молодого поколения, историческая преемственность и интеллектуальный потенциал. Соответственно, в статье были проанализированы формы и методы обучения и предложены новые методические решения.

Ключевые слова: Бауыржан Момышулы, тюркский мир, педагогика цифровой эпохи, методика преподавания литературы, Высшая школа, методы и приемы, формы обучения, методическое решение.

FORMS AND METHODS OF TEACHING THE WORKS OF BAUYRZHAN MOMYSHULY IN LITERATURE

Abstract. It is obvious that literature teaching in higher education is acquiring a new character in the pedagogy of the digital age. Therefore, in the digital era, more and more attention is being paid to the methodology of teaching national literature. The subject of our research is the topic of forms and methods of teaching in the Higher School of works by Bauyrzhan Momyshuly. In our research work, we have elaborated on the problem of teaching the works of B. Momyshuly based on the updated content of education and have proposed modern learning approaches. The scientific article has been based on the works of a number of methodological

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

scientists, and the methods of comparative and bibliographic research have been used.

The author's works clearly express the values common to the Turkic world, the means of educating the younger generation, historical continuity and intellectual potential. Accordingly, the article has analyzed forms and methods of teaching and offered new methodological solutions.

Key words: Bauyrzhan Momyshuly, Turkic world, pedagogy of the digital age, methodology of literature teaching, higher education, methods and techniques, forms of teaching, methodological solution.

Кіріспе. Бауыржан Момышұлы шығармаларын жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқыту жолдары бүгінгі таңда тыңғылықты зерттеуді талап ететін тақырыптардың бірі. Себебі, бірқатар ғалымдар Бауыржан шығармалары туралы өзекті ғылыми тұжырымдар, зерттеулер жүргізген. Ендігі кезек сол ғылыми – теориялық зерттеулерді негізге ала отырып оқыту болып отыр. Сондықтан, біздің мақсатымыз дәл сол зерттеу жұмыстарын саралай келе, оны оқыту әдістемесін бірізді жүйеге салу. Оқыту тенденциялары заманауи цифрлық жүйеге негізделіп отыр. Біз қарастырып отырған жаңартылған білім беру мазмұны бірнеше критерийлермен толығырақ айтқанда, оқытудың оқытудағы жүйелі – әрекеттік ұстаным, білім берудегі пәнаралық байланыс, критериялды бағалау, спиральді оқыту жүйесі, тәрбиелік әлеуетін арттыру сынды негізгі факторлар Б.Момышұлы шығармаларын тереңдеп оқытуға тікелей ықпал етеді.

Аты әлем халқына аңыз болып тараған Бауыржан Момышұлының шығармашылығының шоқтығы биік. Б.Момышұлының тұлғалық болмысымен қатар шығармашылығына арқау болған көркем туындылары талай оқырманды таңдай қақтырғаны жасырын емес. Бауыржан турасында қалам тартқан ғалым – зерттеушілердің еңбектері де баршылық. Б.Момышұлының қаламынан туған «Майдан жазбалары», «Москва үшін шайқас», «Музей апа», «Соңғы екі кездесу» және т.б. шығармаларын жіктей келе, оның батырлық һәм жазушылық қыры туралы баға берген қаламгерлердің де аз емес екендігін анық байқауға болады. Нақтырақ айтар болсақ, Жүніс Ыбыраевтың «Бауыржан Момышұлы: майдан жыры мен сыры», Мырзатай Жолдасбековтың «Бауыржан туралы сөз», Мекемтас Мырзахметұлы мен Рақымбай Сатаевтың «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер» сынды еңбектерінде бірқатар ғылыми негізделген тұжырымдар берілген. Жоғарыдағы айтылған еңбектерге тоқталып өтсек... Мәселен, Ж.Ыбыраевтың «Бауыржан Момышұлы: майдан жыры мен сыры» кітабында: *«Әдеби таланттың айрықша қасиеті жатық жаза білуде гана емес, ерекше оқиғаларды байқап, мәнді сәттерді көріп, танып,*



БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

дұрыс бағалап, есте қаларлықтай етіп суреттеп беруде болса керек. Осы тұрғыдан алғанда Б.Момышұлы сондай талантты жазушы екенін іс жүзінде дәлелдеді. Баукеңнің «Ұшқан ұя» повесі қазақ халқы өмірінің энциклопедиясына айналды» деп автор шығармашылығына баға берген [1.141б]. Расында да, тілге жатық жазылмаған шығарманы оқыту өз нәтижесін үздік бере бермейді. Ал, Бауыржан шығармалары адам психологиясымен де, халықтық педагогикамен де тығыз байланыста жатыр. Оған дәлел Мырзатай Жолдасбековтың «Бауыржан туралы сөз» деген еңбегінде: «Бауыржандай дара тұлғаларды табиғат ана қай заманда да, қай халыққа да сирек сыйлайды. Сондықтан да Баукең өмір бойы ел махаббатына бөленіп, халқының қадірлісі, аяулысы, еркесі болып өтті» деген тұжырым жасалған [2.318б]. Сондай – ақ, М.Мырзахметұлы мен Р.Сатаевтың «Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер» кітабында «Бауыржан Момышұлы секілді үлкен тұлғалардың өмірбаяны бүкіл елдің өмірбаянымен, замандастарының ерлік өмірбаянымен жалғасып, тамырласып жататыны айтпаса да түсінікті. Ұлы Отан Соғысы тұсында бар ұлттың батыры атанған Бауыржан Момышұлы енді бар ұлттың жазушысы болуға да хақылы. Оның байлығы мен бақыты осында» деп көрсеткен [3.36б]. Аталмыш пікірден Б.Момышұлының тұлғалық қыры айқын көрініс беріп тұр. Ғалымдардың пікірлеріне сүйене келе, біз де автор шығармашылығын кеңінен насихаттау үшін оқытудың жаңа жолдарын ұсынуды қолға алып отырмыз.

Қаламгер қадамының қарымдылығы сонша, ол туралы жазылған еңбектер еш уақыт өз құнын жоймақ емес. Демек, бұдан шығатын түйін: Бауыржан шығармашылығын әлі де болса зерттеу қажет.

Десе де, дәуір талабына сай ұлттық әдебиет қорын молайтар асыл қазыналарымыздың кеңінен насихатталуы үшін жаңа дәуір зерттеушілерінің тың көзқарастары қажет. Осыны ескере келе, Б.Момышұлы шығармашылығын бүгінгі күнгі талаптарға сай, жаңартылған үлгіде қалай оқытуға болатындығын жан – жақты зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тақырыптың өзектілігі де сонда. Б.Момышұлы шығармашылығында «халықтық педагогиканың» бар екендігін дәлелдей отырып, оқытудың жаңа жолдары ұсынылды. Ғылыми мақаланың жаңашылдығы – жаңартылған білім беру мазмұны негізінде Бауыржан Момышұлының көркем туындыларын талдаудың, әрі оқытудың жаңа жолдары көрсетілді. Яғни, Б.Момышұлы шығармаларын талдаудың жаңа үлгісі және автор шығармашылығына негізделген электронды платформа құрылымының сұлбасы ұсынылды.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жаңартылған білім беру мазмұны арқылы көркем шығарманы оқыту мейлінше тәуекел мен жауапкершілікті жүктейді. Себебі, әдебиеттегі кез – келген шығарманы оқыту әрі оны талдау тыңғылықты зерттеуді талап ететін құбылыс. Сөзіме дәлел ретін белгілі әдіскер – ғалым Қанипа Бітібаеваның

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

«Әдебиетті тереңдетіп оқыту» еңбегіндегі мына пікірін ұсынамын: «Әдебиетті ғылыми тұрғыда, өз мәні, мақсаты тұрғысында оқыту, «асыл сөз», «үлгілі сөзді» табу, одан үлгі алу тұрғысында оқыту, өнердің бір саласы ретінде бар мүмкіндігімізді пайдаланып оқытудың кезегі баяғыда-ақ келген. Педагогикалық технологиядан іздену (түсініктен қолдану, одан анализ – синтез бағаға дейін оқушыны жетелеу), әр шәкіртті шығармашылық тұлға биігіне жеткізу мақсатында шығармашылық еңбекпен оқыту бүгінгі ұстаз алдында тұрған абыройлы міндет» [4.116]. Ғалым тұжырымындағы «педагогикалық технологиялардан іздену» тіркесімен толықтай келісуге болады. Себебі, әдебиетті оқыту әр дәуір талабына сай жүзеге асуы қажет. Демек, бүгінгі күні жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқыту педагогқа қойылатын басты талаптардың бірі. Әдебиеттегі көркем туындыларды оқыту төңірегінде Төлеутай Ақшолақов, Әбдіқадыр Дайыров, Әуелбек Қоңыратбаев, Атымтай Көшімбаев, сынды әдіскер-ғалымдар еңбек жазып, өз көзқарастарын білдірген.

Бауыржан Момышұлы шығармашылығы туралы ой түйген ғалымдардың еңбектерін зерделей келе, салыстырмалы түрде бақылау жүргізе отырып библиографиялық зерттеу әдісі арқылы біраз пікірлерге тоқталсақ. Мәселен, Жүніс Ыбыраевтың «Бауыржан Момышұлы: майдан жыры мен сыры» кітабында: «Әдебиеттегі көркемдік дәрежесін арттыру, сюжет желісін қызғылықты тарта білу жауапкершілігін терең түсінетін Баукең өз шығармаларына да осындай жоғары талап қойып еңбек еткен. Оның көркем шығармаларында ерліктің тууы жаппай қаһармандықтың шығуы, жауынгердің қалыптасуы, солдат характерінің шыңдалуы, ұрыс барысындағы өмір мен өлім мәселесі, тағы басқа осындай түйінді пікірлер кең өрісте қамтылған. Ол ұсақ-түйектің айналасында шырмалып қалмайды» - деп, жазушының шеберлігіне үздік баға берілген [1.1446]. Біз бұдан Бауыржан шығармаларының, оның ішінде өлеңдері, әңгімелері, повестерінің өмірлік құндылығы орасан зор екендігін байқай аламыз. Яғни, Ж.Ыбыраевтың пікірінше, автор шығармаларының көркемдік дәрежесі болуы керек және оны оқытуда тиімді әдістерді пайдалану маңызды.

Асылы, Б.Момышұлы шығармашылығын оқу барда, оқыту екінші бір мәселе. Себебі, ғалымдар берген бағалы шығармаларыңды өз деңгейінде дәріптеу жүйелі оқыту жолын ұсынумен ғана шешілетін мәселе болмақ. Демек, Б.Момышұлы шығармаларының маңызы - оқиғаларды шыншылдықпен бейнелеуінде, сондай - ақ борыш, ар - намыс, сенім, патриотизм сияқты моральдық - этикалық мәселелерді шешуге құралады. Бауыржан өз шығармалары арқылы адам рухының асқақтығын, оның Отанын сүйген патриоттық рухын аша білді [5]. Осы ретте Б.Момышұлы шығармасына өзіндік көзқарасын «Қазақтың ішінде маған қатты әсер еткен идеал етіп ұстанған адамым Б.Момышұлы болды» - деп білдірген Олжас Сүлейменов болды. Осылайша, Бауыржан шығармашылығына берілген баға мен жазылған ғылыми

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

еңбектерді ғылыми әдістерді пайдалану арқылы бір арнаға тоғыстырдық. Ендігі ретте, өз тарапымыздан оқытудың тың жолын терең зерттеп, эксперимент жасап, жан-жақты талдап жазып жатқан ғылыми еңбегімізде ұсынамыз. Бұл ғылыми мақаламызда (мақала көлеміне сай) сол еңбекте зерделеніп жатқан талдауларымыздың тақырыбын ұсынып, қысқаша мәлімет бере кетпекпіз.

Зерттеу нәтижелері. Б.Момышұлы шығармаларын жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқытудың жолы ретінде жазушы шығармаларын талдаудың жаңа үлгісіне мысал көрсеттік. Талдау жеті компоненттен тұрады: *хронология* (сол кезеңдегі тарихи – әлеуметтік жағдай), *параллелизм* (сол жылы жарыққа шыққан көркем шығармалар және ондағы көтерілген мәселелер), *топонимикалық анықтама* (шығармадағы оқиға өрбіген аймақ), *әдеби образ* (шығармадағы кейіпкерлер және прототип), *тілдік ерекшелік* (шығармадағы диалектілер мен говрлар), *әдебиет теориясы* (шығармада кездесетін көркемдегіш құралдар), *фольклорлық жіктеу* (көркем шығармада кездесетін мақал – мәтел, жаңылтпаш, жұмбақ, нақыл сөз, ертегі, аңыз – әңгіме, салт – дәстүр, айтыс, тұрмыс-салт жырлары).

Жаңартылған білім беру мазмұны сын тұрғысынан ойлаумен қатар пәнаралық байланыстың нығаюына түрткі болады. Мәселен, әдебиеттегі көркем шығармалардың өрбіген аймағы, уақиға болған жыл, көтерілген мәселе, кейіпкерлердің атқарған қызметі ірілі – ұсақты детальдар тарих, география, медицина, педагогика, физика және т.б. пәндермен астасып жатыр. Ендеше, жаңартылған білім беру мазмұны негізінде дайындалған көркем шығарманы талдаудың жаңа үлгісін, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы арқылы талдап, дәлелдейік. Алдымен, халықтық педагогикаға негізделген көркем туынды деп бағалаған шығармаға Қ.Уразбаевтың берген сипаттамасын қарастырайық:

«Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың жас ұрпаққа арналған көркемделіп кестеленген энциклопедиясы деп бағаласақ артық болмас. Шығармадағы аңыз-әңгімелер мен ұлттық ойындардың әдет-ғұрыптар мен салт-дәстүрлердің суреттелуі көркемдік тұрғыдан ғана емес, дүниетанымдық мән-маңызымен де ерекшеленеді. Б. Момышұлының «Ұшқан ұя» повесін идеялық тұрғыдан ұлттық таным мен болмысының жемісі деп бағалаймыз» [6.236]. Расында да, бұл пікірмен келіспеске болмас. Себебі, ағалымыз көркем шығарма ұлттың ұлттық энциклопедиясы іспеттес. Сондықтан біз, өз ғылыми жаңалығымызға арқау болған ұсынысқа дәлел ретінде Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасына талдау жасап, көрсетеміз. Зерттеу нәтижелеріне кезек бере болсақ, «Ұшқан ұя» повесі, 1974 жылы жарық көрді. Осы жылы параллельді түрде Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы, Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» Илияс Есенберлиннің

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

«Көлеңкемен қорғай жүр» шығармасы жарыққа шықты. Шығарманы талдағанда міндетті түрде онда кездесетін жер – су аттарына назар аудару қажет. Бұл шығарманы толықтай түсінуге көмектеседі.

Шығармадағы топонимикалық атауларға кезек беретін болсақ, Оқиға өрбіген аймақ: Әулиета топырағында, Мыңбұлақ ауылы. Шығармада Кремень, Ақ орда, Ақкөз, Бекет, Бурное, Головочевка, Дикан, Евгеньевка, Кавказ, Көлбастау, Қарақшы, Ленгер, Майлыкент, Машат, Момыш ауылы, Сайрам, Ташкент, Ташкент-Пішпек (Фрунзе), Түлкібас және т.б. топонимдер кездеседі. «Ұшқан ұядағы» әдеби образдардың барлығы өмірде болған шынайы кейіпкерлер. Мәселен, Бауыржан, Момыш, Қызтумас т.б. Шығармадағы тілдік ерекшелік оңтүстік тілімен біте қайнасып жатыр. «Ұшқан ұядағы» әдебиет теориясының ұтымды пайдалануы жазушының шеберлігін толық айғақтап тұрғандай. Аталмыш көркем туындының өміршеңдігі, осындай сәтті әдебиет теорияларының қолданылуымен байланысты. Нақтырақ айтқанда Б.Момышұлының бұл повесінде эпитет, теңеу, метафора сынды көркемдегіш – бейнелеуіш сөздер көптеп қолданылған. Мысалы, аққұбаша ажарлы, орақ мұрын, от жанарлы және т.б. Қаламгердің бұл шығармасында фольклорлық жіктеу өте көп кездеседі. Талдаудың жаңа үлгісіндегі фольклорлық жіктеудің құрылымын атап көрсеткендей, мұнда: тұрмыс – салт жырлары (бата-тілектер, төрт-түлік жырлары, сәбидің дүниеге келуіне байланысты жырлар, үйлену салтына байланысты жырлар, көңіл-күй жырлары). Айталық, атасы Имаштың Бауыржан дүниеге келген кезде берген батасы, Байтоқтың сүйінші сұрап, артынша шілдехана тойының болуы, Қызтумас әжесінің бесік жыры, Үбиянның ұзатылып бара жатқандағы сыңсуы сынды бірнеше мысалдар сөзімізге дәлел бола алады. Сондай – ақ, бұл көркем шығармада «Аузы қисық болса да байдың баласы сөйлесін», «Құрығы ұзын қуып жүріп алады, құрығы қысқа құр қол қалады» деген мақал – мәтелдер қолданылған.

Ғылыми нәтижелерді талқылай келе, жаңартылған білім беру мазмұны негізде жазушы шығармаларын оқытуда талдаудың маңызды роль атқаратындығын алдыға тартамыз. Себебі, кез келген көркем шығарманы оқу ізінше міндетті түрде талдауды қажет ететін құбылыс. Бұл ретте талдау жаңаша формада ұсынылса тіпті жақсы болары анық. Ғылыми мақаланың зерттеу бөлімінде жаңартылған білім беру мазмұнына байланысты айтылған пікірлерді негізге ала отырып, Б.Момышұлы шығармашылығын оқытудың тағы бір заманауи үлгідегі цифрлық жолын ұсынамыз. Дәлірек айтсақ, жазушының шығармашылығын әр қырынан құрылымдық сипатта жіктеп, электронды платформа дайындау. Яғни, Бауыржан Момышұлы шығармашылығының стильдік ерекшелігіне сай ұлттық, әскери, патриоттық сынды категорияларға бөліп электронды платформаға енгізу. Сондай – ақ, айтылым, жазылым, тыңдалып, оқылым

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

дағдыларын ескере отырып, аудио, видео сынды электронды контенттерді дайындауды қолға алдық. Бұл ғылыми мақалада аталмыш платформаның жоспары көрсетілді.

Қорытынды. Бауыржан Момышұлы шығармаларын жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқытудың жолдары мақаласында салыстыру, библиографиялық зерттеу әдістері кеңінен қолданылды. Әдіскер ғалымдардың әдебиетті, оның ішінде көркем шығарманы оқытудың әдістемесіне байланысты жасаған қорытынды тұжырымдары мен өзіндік көзқарастарына сілтеме беру арқылы ойымызды дәлелдеп, салыстыра келе өз зерттеуімізді жүргіздік. Нәтижесінде, жаңартылған білім беру мазмұны негізінде көркем шығарманы талдаудың жаңа үлгісі ұсынылып, Б.Момышұлының «Ұшқан ұя» повесі талданып, дәлелденді. Шығарманы біз ұсынған жүйе бойынша талдар болсақ, жаңартылған білім мазмұнына арқау болған сын тұрғысан ойлау, пәнаралық баланыс, тәжірибе жасау, шығармаға зерттеу жүргізу, қазіргі заман талабына сай цифрлық жүйені енгізу, оны әдебиет сабағында пайдаланып еңбегімізді әлемдік деңгейде жариялап, өз шығармаларымыздағы брендтік жүйені ұсыну, дәлелдеу бағытында және т.б категориялар арқылы көркем шығармаға деген жаңаша көзқарастар қалыптастырамыз. Сондай – ақ, ғылыми мақалада цифрлық дәуір педагогикасына негізделіп, Б.Момышұлының стильдік ерекшеліктеріне орай, әр қырлы шығармаларын топтастырып, электронды платформа ұсынылмақ. Б.Момышұлы шығармаларының құндылығы, әдебиеттегі орны мызғымас құдыретке ие екендігі жасырын емес. Сөзімізге академик Әбдімәлік Нысанбаевтың мына бір пікірі дәлел болмақ:

«Баукеңнің айтқан өсиетін, насихатын жиі еске алып, содан ауытқымауға тырысып өмірді сүре білу, оларды қастерлеп қадірлей отырып, кейінгі ұрпаққа табыстау қазақ халқының әрбір перзентінің парызы болса керек. Соның барысында қазақтың ұлы перзенті Бауыржан Момышұлының адами бейнесі аршыған алмастай жарқырай түседі» [7.66].

Қорыта айтқанда, Бауыржан Момышұлы шығармаларын жаңартылған білім беру мазмұны негізінде оқыту жолдары әрі тиімді әрі ғылыми негізделген болуы қажет. Ғылыми мақала барысында бірқатар ұтымды жолдар ұсынылды. Нәтижесінде ұлттық әдебиетіміздің асыл қазынасына айналған Бауыржан Момышұлы шығармаларын ұл дала перзенттері тұла бойына сіңіре қабылдайтынына сенеміз. Себебі, Бауыржан Момышұлы мұрасының пәлсапасы кең, құндылық межесі биік саф туынды.

Әдебиеттер тізімі:

БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

1. Бауыржан Момышұлы [Мәтін] : Майдан жыры мен сырғы. История одной книги / Ж. Ыбыраев; [орыс тіліне ауд. Ә. Өтешева; ред. Г. Рахметова] - Алматы : ҚазАқпарат, 2018 . - 377, [2] б.
2. Жолдасбеков, М. Ж. Бауыржан туралы сөз [Мәтін] / М. Ж. Жолдасбеков // Легендарный батыр. - 2009. - 312-319 б.
3. Бауыржан Момышұлы туралы естеліктер [Мәтін] / ; құраст.: М. Мырзахметұлы, Р. Сатаев - Алматы : Білім, 2005 . - 205, [1] б.
4. Әдебиетті тереңдетіп оқыту [Мәтін] / Бітібаева, Қанипа, – 2-ші бас. . - Алматы : Мектеп, 2003 . - 415 б.
5. Rusnauka сайты. Бауыржан Момышұлы шығармаларының тәрбиелік мәні. [Электронды ресурс]. – Қолжетімділік режимі: http://www.rusnauka.com/28_WP_2014/Philologia/7_177740.doc.html
6. Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасындағы ұлттық дәстүрлер көрінісі : Филол. ғылым. канд. ғылыми дәреж. алу үшін дайындал. дисс. авторефераты мамандығы бойынша 10.01.02 - қазақ әдебиеті / Уразбаев, Құрманғали Мархабатұлы, - Түркістан : Нұрлы Бейне, 2007 . - 25 б.
7. Бауыржан Момышұлы : Қазақ халқының қаһарман ұлы - батыр Бауыржан Момышұлы / ; [құраст. Н. Қ. Қосаева] - Алматы : [б. ж.], 2011 . - 379 б.

References

1. Bauyrzhan Momyshuly [tekst]: Frontovaya pesnya i tajna. Istoriya odnoj knigi / ZH. Ibraev,; [per. s angl. A. Utesheva; red. G. Rahmetova] - Almaty : Kazinform, 2018 . - 377, [2] s.
2. ZHoldasbekov, M. ZH. slovo o Bauyrzhane [Tekst] / M. ZH. ZHoldasbekov // Legendarnyj batyr. - 2009. - s. 312-319.
3. Vospominaniya o Bauyrzhane Momyshuly [tekst] / ; sost.: M. Myrzahmetovich, R. Sataev-Almaty: Obrazovanie, 2005 . - 205, [1] s.
4. Uglublennoe izuchenie literatury [tekst] / B. A. Krypa,-2-e izd. . - Almaty: SHkola, 2003 . - 415 s.
5. Sajt Rusnauka. Vospitatel'noe znachenie proizvedenij Bauyrzhana Momyshuly. [Elektronnyj resurs]. - Rezhim dostupa: http://www.rusnauka.com/28_WP_2014/Philologia/7_177740.doc.html
6. Otrazhenie nacional'nyh tradicij v proizvedenii Bauyrzhana Momyshuly «Ushkan Uya»: Filol. nauka. kand. nauchno dārezh. podgotov'tes' k polucheniyu. diss. avtoreferaty po special'nosti 10.01.02-kazahskaya literatura / Urazbaev, Kurmangali Marhabatuly, - Turkestan: Nurly video, 2007 . - 25 S.

**БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫН ӘДЕБИЕТТЕ
ОҚЫТУДЫҢ ФОРМАЛАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ**

7. Bauyrzhan Momyshuly: geroicheskiy syn kazahskogo naroda-batyr Bauyrzhan Momyshuly/; [sost. Kosaeva N. K.] - Almaty: [B. ZH.], 2011 . - 379 s.